



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

бірнеше бөліктерге бөлінген. Саяси-экономикадағы – техникалық шолудың стратегиялық мақсаты – мемлекеттің қазіргі экономикасының тарихи шолуын беру. Тактикалық мақсаты: а) аудиторияның назарын саяси-экономика өмірінің басты жоспарына кіретін маңызды фактіге аудару; б) әлемдік экономикаға баға беру, таныстыру.

2. Саяси-экономикадағы проблемалық шолу – сараптамалық жанр. Мысалы, «Заманауи экономикадағы проблемалар» журналы, «Қоғамның әлеуметтік-экономикалық проблемасы». Негізгі тақырып бірнеше тақырыпшадан тұрады, «инфляцияның әсерін» проблема ретінде көтерген.

«Әлемдік экономиканың даму тенденциясы: саяси-экономикалық көзқарас. Мақалада әлемдік экономиканың ұлттық экономикаға әсері туралы жазылған Проблемалық шолудың негізгі мақсаты – маңызды бір ғана мәселенің жан-жақты ақпарат жинап түрлі көзқарастарды көрсету. Тактикалық коммуникативтік мақсаты - қарастырылып отырған оқиғаның әлем қоғамына тудыратын залалына баға беру. Шолу экономикалық маңызды саяси мәселелердің қортындылары мен тұжырымдарынан тұрады. Шолу мәтіні сараптама мен синтез, индукция мен дедукция, салыстыру мен ұқсастықтар сияқты тәсілдерді қолданып жазылатын фактілік ақпараттан тұрады. Публицистикалық шолуда басқа жанрға қарағанда уақытша шектеулер көп кездеседі. Шолуда әлеуметтік уақыт сарыны есепке алынады. Жағдайды көпжақты талдау негізінде, теория мен нақты дәлелдер арқылы автор өзекті мәселенің шешімін табады. Шолу жазудың стандартты сыртқы композициясы бар: мақаланың атауы; лид; кіріспе; негізгі бөлім (төрттен бастап тоғызға дейін) тақырып, қорытындысымен; әрбір бөлік алдыңғы тақырыптың мазмұнын жалғастырады, бірақ басқа ракурстан; оқиғаға толық сипаттама береді.

Қорыта айтқанда, шолуда басылымның сипаттамалық ерекшеліктері қарастырылады. Автор басылымның тұтас келбетін немесе газет топтарын оқырманға ұсынар кезде шолудың осы түрін қолданғаны жөн. Шолу жанры мәселенің белгілі бір тенденциясын анықтауға бағытталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нургожина Ш.И., Әділбеков С.С. Баспасөз және экономика: оқу құралы – Абай атындағы ҚҰПУ. – Алматы: 2010.
2. Прохоров Е.П. Введение в теорию журналистики: Учебник для студентов вузов / Е.П. Прохоров – 7-е изд., испр. и доп. – М.: Аспект Пресс, 2009.

ӘОЖ 070:001.895

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ГАЗЕТІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚ СИПАТЫ

Ертасова Гүлжазира Құдайбергенқызы

guljaz-1105@yandex.kz

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика мамандығының

1 курс докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Ө. Сақ

Алаш қозғалысы көшбасшыларының қазақ баспасөзінің өсіп өркендеуіне, дамуына қосқан үлесі зор. Әсіресе, газет атаулы қазақ еліне жаңадан еніп, таратыла бастаған тұста Алаш қайраткерлерінің жазған құнды мақалалары бүгінгі күнге дейін ұлттық журналистикада талқыланып, өзінің лайықты орнын алып келеді. Өйткені, ұлт зиялыларының қай шығармасын алып қарасаңыз да, елдің мүддесі мен әлеуметтік, саяси тың мәселелерді көтергенін байқаймыз.

Ұлттық баспасөздің алғашқы қарлығаштары ретінде «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» сынды патша жарлығы мен жергілікті жерде қабылданған қаулыларды қараша

халыққа түсіндіретін басылымдар тарих сахнасына шықты. Қос газет патша үкіметі алдына қойған тарихи миссиясына қарамастан халқымыздың саяси-әлеуметтік, әдеби, мәдени ой-пікірін оятып, олардың сауаттылық деңгейін көтеріп, дүние танымын қалыптастыруына өз септігін тигізген басылым ретінде белгілі.

«Қазақ тілі» газеті 1919 жылдың желтоқсан айынан бастап Семей қаласында жарық көрген. Бұл басылымның жарық көруіне тікелей ықпал еткен жергілікті гарнизон көтерілісі және Семейде биліктің қызыл армия қолына көшуі еді. Осыған дейін Семейде ұлттық «Сарыарқа» басылымы жарық көріп тұрса, қалыптасқан жағдай оның жұмысын тоқтатуға мәжбүрледі. Сонымен қатар, «Қазақ тілі» газеті де өз жұмысын «Сарыарқа» жабылған желтоқсан айынан бастап кетті. Кейбір зерттеу еңбектерінде «Қазақ тілін» «Сарыарқаның» заңды жалғасы деген пікірлер кездеседі [1, 37].

«Қазақ тілі» газеті – өз дәуірінің жалынды жыршысы бола білген, халыққа дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, ел мен жердің амандығы үшін қызмет еткен басылым. Газетте жұмыс істеген журналистер мен олардың азаматтық белсенділігі және шығармашылығындағы ізденістер бұл газеттің өн бойынан көрінеді.

Басылымда шын мәнінде ұлтына жаны ашыған, ел мен жердің көркейіп-гүлденуі үшін жұмыс істейтін бұрынғы «Сарыарқа» газетінің бірқатар азаматтары қызмет атқарды. Тіпті, сол газеттің толық ұжымы «Қазақ тілі» газетіне ауысты деуге болады. Соның ішінде, газеттің ең маңызды, өзекті мақалаларын Алаш қайраткерлерінің еңбектері бастайды. Алаш зиялыларының бүкіл елдегі халықтың ой-санасын оятып, саяси көзқарасын қалыптастыратын мақалалары жиі жарық көргендіктен, Кеңес үкіметі газетті тұрақты түрде бақылауда ұстаған.

«Қазақ», «Сарыарқа» газеттері көтерген ұлттық дербестікке қол жеткізу, дүниежүзілік өркениет көшіне ілесу, ұлттық өзіндік ерекшелікті сақтай отырып, оқу-білім, ғылым жетістіктеріне, өркениетті мәдениетке қол жеткізу, дін мен тілді сақтап, ынтымақты да берекелі ел болуды мақсат тұтқан мәселелер «Қазақ тілінде» жалғасын тапты. Бұл қос басылымның, яғни «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінің шығуына М.Әуезов, М.Тұрғанбаев, Ш.Тоқжігітов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, И.Әлімбаев т.б. қазақ қоғамының ірі қайраткерлері атсалысқан. XX ғасырдың басындағы қайраткерлердің күрес жолы ұзақ та ауыр болды. Ұлт азаттық қозғалыс ендігі жерде ұйымдасқан түрге көшті. Бұл күрестің көш басында алаш қайраткерлері тұрды. XX ғасырдың басында жалпы ресейлік мұсылмандық және түркі халықтары арасындағы азаттық қозғалыста бірнеше бағыт байқалды. Мәселен, Ә.Бөкейханов бастаған қазақтың саяси элитасы Ресей федеративтік демократиялық республикасы құрамында ұлттық мемлекеттік автономия алудан үміттеніп, осы мақсатта ұлттық-саяси Алаш партиясы мен Алашорда үкіметін құрды [2, 289].

XX ғасырдың басында ұлт үшін жаны ашыған белгілі Алаш қайраткерлерінің «Қазақ тілі» газетінің бетінде мақалалары жарияланып тұрды. Газетті құрушылардың бірі болған Жүсіпбек Аймауытов көбіне басылым бетіне бүркеншік атпен жазып тұрды. 1922 жылы наурызда осы газетке «Жаңа батырдың» қалай ойналғаны» деген мақаласында «Төртуыл» деген лақап атпен шыққан. Жүсіпбектің «Тілшілерге» атты мақаласы бүкіл газеттің ендігі аяқ алысының қалай болатыны жайлы, тілшілердің нені жазу керектігі турасындағы басты нұсқауы болды.

«Қазақ тілі» газетінде қазақ тарихы, қазақ этнографиясы, мәдениеті туралы көптеген мақалалар жарық көрді.

Қазақ тарихын жазу мәселесі XX ғасырдың 20-жылдары бірнеше рет мерзімді басылымдарда ашық түрде көтеріліп, қазақ зиялылары халықтың ұмыт болып бара жатқан тарихын, келешек ұрпаққа жазып қалдыруға шақырған еді. М.Дулатов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Ж.Аймауытов, М.Әуезов және т.б. мерзімді баспасөз беттеріне нақты құжаттарға сүйенбесе де, бұрынғы жазылған ғылыми еңбектерді қолдана отырып, қазақтың шығу тегінен бастап хандық құрған кезең, қазақ этнографиясы, көне ескерткіштері, қазақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жөніндегі қазақ тарихына қатысты ғылыми мақалаларын жариялап отырған. М.Дулатовтың «Қазақ-қырғыз тарихы туралы», «Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы» мақалаларын, Ж.Аймауытовтың «Әзірет Сұлтан», Е.Омаровтың «Қазақ

тарихынан» және тағы басқа тарихи мәселелерге арналған ірілі-ұсақты мақалалары дерек көзі ретінде аса құнды болып табылады [3, 193].

Қазақтардың шығу тегі туралы мәселенің аса маңызды екендігін, оны жан-жақты зерттеу қажеттігін М.Дулатов «Қазақ тілі» газетіне жариялаған «Қазақ-қырғыз тарихы туралы» мақаласында айқын көрсетіп берді.

Газет бетінде көбінесе шешендік сөз арқылы байды масқаралаған, бидің әділетсіздігін өлеңмен бетіне басып айтқан ақындар мадақталып, қазіргі ел ішінде өзін ақынмын деп жүрген азаматтарға үлгі ретінде таныстырылып отырды.

«Қазақ тілінде» аштық, жұт мәселесі де аз көтерілмеді. Қазақстанда жаңа экономикалық саясаттың іске асырылуын халыққа түсіндірген «Қазақ тілі» газеті болды. Белгілі қазақ зиялысы Мәннан Тұрғанбаевтың басылым бетінде жарияланған «Ашаршылық» деген мақаласында жалпы КСРО да аштыққа ұшырағандардың саны 15 миллионнан асады деп көрсеткен. Ол Қазақстан даласында да атап айтқанда Бөкей, Орынбор, Торғай, Орал губерниялары аштыққа ұшырап, сонымен қатар, оба ауруының да ел арасында кең етек жайғандығын, аштыққа ұшырап есі шыққан елдің оны емдеуге мұршасы жоқ екендігін жазады. 1922 жылы 9-наурызда Семейде қазақ оқығандарының кезекті бір жиыны болып өтеді. Жиналысқа белгілі Алаш қайраткерлері М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Б.Сәрсенов, Ш.Смағұлов және «Қазақ тілі» газеті атынан Мәннан Тұрғанбаев қатысты. Тарихи құжаттарда осы отырыста Ж.Аймауытов жиын төрағасы, ал хатшылығын Б.Сәрсенов атқарған. Жалпы Қазақстандағы ашаршылық туралы М.Дулатов кеңінен зерттелген баяндамасын жасайды [4, 5].

Онда ашаршылық әлі келмеген әл-қуаты бар халықтың аштық жайлаған аймақтарға қолдан келгенше көмек беру жайын ұсынды. Дулатұлының бұл ұсынысы «Қазақ тілі» газетінде Ашық хат ретінде жарияланады. Жиынның соңында қатысқан барлығы бірауыздан Дулатұлының ұсынысын қолдап, оны жеделхатпен жоғарғы және жергілікті кеңес орындарына жіберуге шешім шығарды. Ашаршылыққа ұшыраған жұртқа көмек беруге Семей зиялылары бір ауыздан белсенділік көрсетіп, ауыл-ауылдан көмек жинайды. Осы жұмыстың нәтижесінде 2-3 айдың ішінде 15 мыңға жуық ірі қара мал жиналып, олар ашаршылыққа ұшыраған аудандарға жеткізіліп, тұрғындарға таратылып берілді.

Сондай-ақ, халық ағарту ісіндегі өзгерістер туралы өзекті мәселелер «Қазақ тілі» газетінде тұрақты жарияланып отырды.

Кеңес билігі сауатсыздықты жою, халықты сауаттандыру ісіне қазақ демократ зиялыларын да тартты, 1920 жылы халық ағарту қызметкерлерінің съезі өткізіліп, Ахмет Байтұрсынұлы ағарту саласының нақты міндеттерін атап көрсетіп, оны іске асыру тетіктерін нақтылап берді. А.Байтұрсынов алдымен қазіргі мұғалімдердің біліктілігін арттыру, ал жаңадан мұғалім болатын мамандарды даярлауға көңіл бөлуді тапсырды. Ол осы міндеттердің екі жолын көрсетті, бірі қысқа курстар арқылы ауыл мұғалімдерін даярлау, екіншісі, педагогикалық арнаулы оқу орындарын ашып, ондағы оқу жүйесін күшейту. Сауатты қазақ азаматтарын оқу-ағарту жұмысына тартып, қазақ тілінде оқулықтар құрастыру керектігін айтты. Ауылдардан шалғайлау жерде мал бағатындардың балалары мен жетім балалар үшін интернат-мектептер ашылып, оларды сол ауылдың немесе уездің кооперативтерінің есебінде қаржыландырған [5, 48].

«Қазақ тілі» газетінде жарияланған «Оқу жұмысы» деген келесі мақалада бастауыш мектептердің жағдайы айтылады, яғни губерниядағы бастауыш мектептердің аздығын сынға алып, ал бар болған күнде де олардың сапасының төмен екендігін, мұғалімдердің жетіспейтіндігін көрсетсе, келесі бір «Оқу жолында бірнеше сөз» атты мақалада автор ұзақ уақыттан бері айтылып келе жатқан елімізге ең қажетті мамандықтарды даярлайтын жоғарғы оқу орындарын ашу жайында сөз қозғайды.

Сауатсыздықпен күрестің алғашқы жылдарында Алаш арысы – Ахмет Байтұрсынұлының жасаған төте жазуы кең қолданыста жүрді. «Қазақ тілі» газеті де 1928 жылға дейін осы хәріппен шығып тұрды. Осы газеттің бетінде А.Байтұрсынұлы төте жазудың грамматикалық анықтамаларын көрсетті. «Қазақша жазу тақырыпты жаңа ережелер»

деген еңбегінде Ахмет Байтұрсынұлы араб тілінен енген әріптердің аталуы мен олардың жазылуы турасында газет бетінде кеңінен тоқталған. Ж.Аймауытов та әліпби төңірегінде өз ойын «Қазақ тілінде» бөліскен.

«Қазақ тілі» газетінің 1923 жылы маусымның 30-ы күнгі санында «Төңкеріс жемісі һәм әлеумет қызметтері» деген Жүсіпбек Аймауытовтың мақаласы жарияланды. Партиялық билік «бұзақылар» санатына салықтың көптігіне наразылық білдіргендерді не партия мүшелерін дөрекілік көрсетіп, сыйламаған, жергілікті әкім-қаралардың әділдігіне күмән келтіріп, қарсы пікір білдіргендерді жатқызды, әрі оларды «банды» деп те атады. 4-5 адам жинала қалса, «кеңес билігіне қарсы шықпақшы» деген желеумен қамауға алып, оған өтірік куәгерлер алынып, қарапайым халықты сендіріп, қылмыскер жасаған адамдарын жазаға тартып жатты. Жергілікті кеңес билігі мен партия халық арасында болып жатқан бассыздықтарға бұрынғы патша қызметінде болғандар, алашордашылар, ұлтшылдар партия құрамына кіріп, ішімізге іріткі салуда деген сылтаумен партия ішін жаппай тазарту ісіне белсене кірісті. Сол арқылы Кеңестік жүйенің сайқал саясаты Қазақстанда этникалық араздықты тудырып қана қоймай, оларды бір-біріне жауықтырып, жала жабу, тіпті өлтіру сияқты фактілерді қолмен жасады.

1926-1932 жылдары қазақ баспасөзінде партия жолынан ауытқыған, кеңестік партияға қарсы топтар мен жікшілдерге қарсы күрес барысы өрістеді. Әсіресе, басылым қазақ әдебиеті саласында «байшылдықты көздеген» деген желеумен «ұлтшыл-уклонист» атанғандарға қарсы батыл күрес жүргізді. 1928 жылы «ұлтшылдықпен», «жікшілдікпен» күресу барысы кең түрде етек алды. Республика, облыстың барлық жаңалығынан тыс қалмайтын «Қазақ тілі» газетінде 1927 жылы 4-ақпан күнгі санындағы «Жіктердің бәрімен күресеміз» деген мақалада қазіргі баспасөз бетіндегі жікшілдікті айыптаудың асыра сілтеген тұсы барын айта келіп, «Қожановшылдар, Сәдуақасовшылдар, Рысқұловшылдар, Мендешовшылдар сияқты жікшілдердің барлығын түбірімен құрту керек деді. Ал кейбір адамдар бұларды партия мен үкіметке керек адамдар, партияның сеніміне кіру үшін осыларға сүйену керек дейді. Бұл да қате пікір емес, ел іші әлі алаң-салаң күйде, ел ішіндегі арамзалар жұртты ала тайдай бүлдіріп бітті. Халықтың үкіметке сенімін арттыру мақсатында бұл адамдарды өзімізге тартуымыз керек» деген ойын білдіре келе, әр жерде ұлтшылдармен күресу барысының қалай жүргізіліп жатқандығы жайлы баяндап кетеді. Идеологиялық айтыс мерзімді басылымда 25-жылдардың соңын ала тіптен күшейді. Бірін-біріне айдап салу тәсілімен қаралап жазған материалдар баспасөздің негізгі тақырыбына айналды [6, 9].

XX ғасырдың басында Семей өңірінде жарық көрген «Қазақ тілі» газеті жазған тың тақырыптар, өзекті мәселелерді зерттей келе бүгінгі баспасөзге үлгі аларлық жаңашылдық әкелуге болар еді. Мәселен, Алаш зиялылары аталған баспасөзге жарияланған мақалаларда аштық, жұт мәселесін көтере келе газет арқылы қайырымдылық шараларын ұйымдастырып тұрды. Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов бастаған ұлт көсемдері оқу, ағарту істері, сыртқы саясат, қазақ ұлтының шығу тегі туралы маңызды әрі өзекті материалдар жариялады, бұл материалдар өзге де жаңа бастамаларға мұрындық бола білді. Алаш қайраткерлерінің басылым беттерінде жарыққа шыққан материалдарының бүгінгі күні де айрықша маңызы бар.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. - Астана: Ел-шежіре, 2008.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995.
3. Сәулебекова Р. Ұлт-азаттық көтеріліс басшылары және Алаш қозғалысының жетекшілері. - Алматы, 2012. - №4.
4. Қойгелдиев М. Азаттық тарих тағылымы. Қазақ әдебиеті.- 2007.- №51-52. -16 желтоқсан.
5. Абдукадыров А.Д. Алаш қозғалысының өрістеуіндегі баспасөздің маңызы. 12 томдық.- 8-9 сәуір.- Тараз: ТарМПИ, 2011.- Т.4.- (Гуманитарлық ғылымдар).

6. Егемен-ақпарат. Алаш идеясы және азаттық таңы. - 2012.- №789-792(27863).- 30 қараша.

УДК 37.16

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МӘСЕЛЕСІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

Есімова Гауһарай Аманғалиқызы

esimova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, журналистика
мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Е. Тапанова

Халықаралық қатынастар мәселесі ХХ ғасырдың соңында жаңаша сипат алды. Өткен ғасырдағы 90-жылдардың соңында құрыштан құйылғандай болып көрінетін Кеңес Одағының кенеттен ыдырауы өзге елдер секілді Қазақстанның да аңсаған азаттығына қол жеткізуіне түрткі болды. Осы кең көлемдегі үлкен саяси бөліністен кейін географиялық карта калпын өзгертіп, онда өз тәуелсіздігін жариялаған мемлекеттерді жасампаздық жолындағы стратегиялық жоспарлар, реформалар, инновациялық жобалар, ең бастысы, сыртқы істер саласында іргелі байланыс орнату мен дипломатиялық келіссөздер күтіп тұрды. Одақтың құрамынан шыққан республикалар өз алдына жеке территориялы ел болғаннан кейін, алдымен басты назарды ішкі ахуалға аударды және дербес мемлекеттерге тән қажеттіліктерді реттеуді жолға қойды. Мемлекеттің құрылымы негізінде халықтың және саяси биліктің бір орталыққа бағынуына күш салып, әкімшілік-жергілікті бөліну процесін белдеулік ерекшеліктерге сай орайластырды. Ішкі тұрақтылық бірізді жүйеге түскеннен кейін басқа елдермен жасалған ынтымақтастық келісім мен уағдаластықты берік ұстанымға айналдыруға және өзара түсіністікке болуға ден қоя бастады. Дәл осындай иерархияны ТМД елдерінің ішіндегі Қазақстан да бастан кешірді. Алайда біздің еліміздің басты ерекшелігі, кейбір мемлекеттер секілді жабық саясат ұстанбай, қайта жариялылықты ашық қолдады, халықаралық беделін арттыруды көздеді және әлем елдерін бейбітшілікке үндеді. Қазақстанның бұл мазмұндағы ең алғашқы қадамы – 1993 жылы ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісім-шартқа қол қойды. Соның нәтижесінде 1994 жылы ел аумағынан бүкіл ядролық қаруды әкету аяқталып, келесі жылы бұрынғы Семей ядролық полигонында соңғы ядролық сынақ жойылды. Жалпылай алғанда, кез келген елдің халықаралық саясаттағы ұстанымы мемлекет басшысы тікелей байланысты. Бұл ретте біздің Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің беделін жоғарылату барысында жасаған бастамалары мен саяси қадамдары жоғары бағаланады. Бүгінде Қазақстан тек ТМД елдері ғана емес, әлем державаларының басшылары ақылдасып, кеңесетін, ойымен санасатын мемлекет дәрежесіне дейін жетті.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы ассамблеясының ХХ сессиясында: «Біз ешқашан да әлемдік өркениет үдерістерінен тыс қалған емеспіз. Біздің ата-бабаларымыз бұл әлемдік үдерісті өздері қалыптастырып отырған. Қазақстанда ғана емес, Еуразия құрлығында тұратын барлық этникалық топтармен ұзақ уақыт бірлікте өмір сүруді көздеп отырғанымызды атап өткен жөн. Бүгінгі ұрпақ ата-баба дәстүрін ұстанып, толеранттылық пен патриотизмнің үлгісін көрсетуі керек», - деп атап өтті. Осыдан-ақ Қазақстанның халықаралық және ұлтаралық қарым-қатынасты өте нәзік бағыт ретінде есептеп, оны барынша тереңдікпен және кемелдікпен жүзеге асыратындығын айқын аңғаруға болады.

Барлық халықаралық қатынастар тақырыбы аясында болған мемлекеттік маңызы жоғары келіссөздер мен ресми кездесулер мемлекеттік басылымдармен қоса, тәуелсіз басылымдар бетінде де талқыланып, оқырманның қорыту, салыстыру, сараптау